

2016 жылы Сарыкөл ауданы бойынша өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдерін айқындау туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 12 желтоқсандағы № 308 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 15 желтоқсанда № 6742 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 31-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығымен бекітілген, басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидасының 10-тармағына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11094 болып тіркелген), "2016 жылға арналған басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялардың нормаларын бекіту туралы" Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 9 тамыздағы № 371 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6595 болып тіркелген) сәйкес Сарыкөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2016 жылы Сарыкөл ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының әрбір түрі бойынша басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнына субсидиялар алуға арналған ауданның ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері тізіміне қосу үшін өтінімді ұсыну мерзімдері айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 2 маусымнан бастап туындайтын қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Э. Күзенбаев

Әкімдіктің

2016 жылғы 12 желтоқсандағы

№ 308 қаулысына қосымша

2016 жылы Сарыкөл ауданы бойынша өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруға субсидиялар алуға арналған өтінімді ұсыну мерзімдері

№	Ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Себу мерзімдері
1	Жаздық жұмсақ бидай	2 маусымдағы 5 қыркүйек дейін
2	Жаздық қатты бидай	2 маусымд 5 қыркүйек дейін
3	Сұлы	2 маусымдағы 5 қыркүйек дейін
4	Арпа	2 маусымдағы 5 қыркүйек дейін
5	Асбұршақ	2 маусымдағы 5 қыркүйек дейін
6	Күнбағыс	2 маусымдағы 5 қыркүйек дейін
7	Зығыр	2 маусымдағы 5 қыркүйек дейін
8	Жемшөптік дақылдар, бірінші, екінші және үшінші өсу жылдарындағы бұршақ тұқымдас көпжылдық шөптер	2 маусымдағы 5 қыркүйек дейін
9	Картоп	2 маусымдағы 5 қыркүйек дейін
10	Шабындық алқаптарды шөп егіп жаңарту және (немесе түпкілікті жақсарту) үшін бірінші, екінші және үшінші жылдары өсіп жатқан көп жылдық шөптер	2 маусымдағы 5 қыркүйек дейін